



ПРИОЗЕРСКИЙ

№36/524

08 сентября 2017 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

БІЛІМ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

«АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ» СЫҢҒЫРЫ

Биылғы жылғы «Алғашқы қоңырау» салтанаты өзіндік ерекшелігімен есте қалмақ. Себебі мұсылманның ұлық мейрамы Құрбан айт мерекесімен қатар келгендіктен, еліміз бойынша аталмыш салтанатты жиын 2-қыркүйекке көшірілген болатын.

Жыл сайын №2 жалпы білім беретін мектептің «Алғашқы қоңырауы» таңертеңгілік сағат 9.00-де өтетіндіктен, біз де мектепке ертерек аттандық. Бұл кезде кішкентай балаларын жетелеген ата-аналар, ақ көйлек пен қара шалбар, ақ кофта мен қара юбка киген оқушы ұл-қыздар да мектепке қарай ағылып бара жатқан еді. Бәрінің көңілдері көтеріңкі, жүздері жарқын әрі жайдары. Үш ай дем алған балалар Алтын ұя мектептерін шын сағынып қалғандай. Сылбырай келетін сары күздің алғашқы күндері ыстық болып басталғанымен, таңертеңгілік мезгілде ауа-райы салқын, жағымды болып тұрды. Бұл мектепте әр жылы «Алғашқы қоңырау» салтанаты мектеп алдындағы шағын алаңда өтетіндіктен, ата-аналар мен қонақтар сиыспай әжептеуір қиындық туындайтын. Биыл мектептің бүйірінен аумағы атшаптырым жаңа алаң жөнделіп, тас төселіп, аталған мерекелік шараны алаңсыз өткізуге толық мүмкіндік туды. Бұны алғаш көрген оқушылардың қуанышында шек жоқ еді. Жаңа алаңға Қазақстанның көк туы, жалаушалар, шарлар, ұлағатты қанатты сөздер ілініп, мерекеге сай безендірілген. Бұл көрініс те ерекше көз



мерейлі мерекеде мектеп оқушылары салтанатты жиынға тастүйін дайындықпен сап түзеді. Жиынды жүргізушілер мерекелік шараны ашық деп жариялаған соң Қазақстан Республикасының әнұраны шырқалды. Бұдан кейін мектеп табалдырығын жаңа аттағалы тұрған бүлдіршіндер салтанатқошеметпен ортаға шақырылды. Мерекелік көңіл-күйді көтере түскен қыздар тобының орындауындағы қазақ биі орындалды. «Алғашқы қоңырау» мерекесіне арнаған құттықтау сөз Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембековке беріліп, ол мектеп оқушыларын, ұстаздар мен ата-аналарды



тартып, толқулы сәттегі көңілді көтере түскендей.

«Алғашқы қоңырау» салтанатты жиыны дәл уақытында басталды. Жиынға құрметті қонақтар ретінде қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков, Приозерск қаласы білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова, «Приозерский вестник» газетінің арнаулы тілшісі, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі қатысты. Осындай

мерейлі мерекемен құттықтады. Сондай-ақ мектеп директоры Қарлығаш Серікова да құттықтау сөз сөйлеп, үстіміздегі жылғы мектепте атқарылған жағымды жаңалықтарды, биылғы оқу жылының «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесімен тұспа-тұс келгенін, оған мектептен 68 оқушы қатысқанын, өткен оқу жылында мектептің 11-сынып оқушылары ҰБТ-дан 77 пайыз балл жинағанын, жаңа оқу жылындағы нәтиже бұдан да жоғары биіктерге көтерілетініне сенетінін, мектепке жасалған сапалы жөндеу жұмыстарының нәтижесі мен жаңа алаңның іске қосылғанын және 2017-2018 оқу жылында жаратылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы енгізілгенін т.б. жаңалықтар жайын баяндады. Екінші сынып оқушысы Назерке Тұрдыбаева шырқаған «Мектебім» әніне жиыл-ғандар ризашылықпен қол соқты. 5-6-сынып оқушылары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тақпақ орындады. Келісімшарт бойынша әскери қызметші,



АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ МЕРЕКЕСІ

Үстіміздегі жылдың 2-қарашасында қаламыздағы №1 Жалпыбілімдік орта мектепте де Білім күні мерекесі аталып өтті.

Жақында ғана күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген мектеп ғимараты жаңа оқу жылына сақадай сай тұр десек артық айтпаған болар едік. Ал осы ғимараттың ауласының өзі де бір құлпырғандай: айнала



жиналған оқушылар мен ата-аналарды және қонақтарды Білім күні мерекесімен құттықтап, өз тілектерін білдірді. Өз кезегінде мектеп директоры Жұмаханова Панар Айдарханқызы ата-аналарға биылғы оқу жылында енгізіліп отырылған оқу үрдісінің өзгерістері туралы түсіндіре келе, ұстаздар мен оқушыларға табыс тіледі.

Одан кейін көркемөнерпаздар ұйымының мүшелерінің орындауларында әсем әндер шырқалып, мыңбұралған бишілер өздерінің орындауларындағы билерін көпшілікке тарту етті. Оның соңын ала бере мектеп табалдырығын жаңа аттап отырған



тап-таза, жайнаған алқызыл гүлдер, жаңадан асфальт төлеген алаң, оқушылардың бал-бұл жайнаған жүздері, барлығы да



бүгінгі мерекеге сай мен мұңдалап тұрғандай. Алғашқы қоңырау мерекесіне «Нұр Отан» партиясының қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы, қалалық мәслихат хатшысы Сәрсембеков Бекзат Мұқсинұлы және қалалық білім бөлімінің басшысы Касимова Гуля Кеңесқызы қатысы,

жас бүлдіршіндер алғашқы қоңырауды сыңғырлатып, жаңа оқу жылының басталғанын салтанатты түрде «жария» етті.

Біз де жаңа басталған оқу жылында ұстаздар мен мектеп оқушыларына табыстар тілейміз, оқушыларымыз білім сайысында биіктерден көріне берсін!

Б. АЛШЫНБЕКҰЛЫ

қалаға танымал әнші Бақытжан Сайырманов отаншылдық тақырыбындағы рухты әнді нәшіне келтіре орындап шықты. Бұлардан өзге 1-сынып оқушылары мектептеріне, ұстаздарына арналған тақпақтарын айтып берді.

Осы күнгі салтанатты шараның ең маңызды кезеңі – «Алғашқы қоңырауды» соғу мәртебесі мектептің 1-сынып оқушысы Нұрасыл Өтеген мен 11-сыныптың үздік оқушысы Гүлжайна Таирға сеніп тапсырылды. Биші қыздардың орындауындағы «Халықтар достығы» биінде қазақ, өзбек, ұйғыр және орыс халықтарының билері бейнеленді. Мерекелік жиынның тағы тағы бір әсерлі көрінісі – әртүрлі түстегі шарларды көкке ұшыру сәті болды. «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиынының соңында

Раушан Талғатқызының жетекшілігіндегі 1«А», Гаухар Амангелдіқызының 1«Б», Зәуреш Төлеутайқызы Тәңірбергеннің 1«В», Миракүл Тлеуқабылқызы Адreisованың 1«Г» және 1«Е» сыныптарын қатысушылардың құрмет-қошеметімен алғаш аттап жатқан сыныптарына шығарып салды.

Мектептің 9, 10 және 11 жоғарғы сыныптарына біргелікте патриоттық тәрбие бойынша арнайы алғашқы дәрісі өтілді. Сонымен №2 орта білім беретін мектептің «Алғашқы қоңырау» салтанаты өз жұмысын аяқтап, жаңа оқу жылының алғашқы күні басталып кетті. Аталмыш мектептің ұжымы мен шәкірттеріне жаңа оқу жылында жаңа табыстар мен жетістіктер тілейміз!

Н.ӨТЕП.

Аумақтақ кеңес көтерген мәселе

СУ – ӨМІР ӨЗЕГІ

Осы аптаның дүйсенбі күні қалалық әкімдіктің мәжіліс залында Приозерск қаласы бойынша өзін-өзі басқару аумақтық Кеңесінің кезекті мәжілісі болып өтті.

Оған Кеңес мүшелерімен қатар қаладағы құзырлы мекеме басшылары қатысты. Кеңестегі жоспарлы түрде қаралған «Ауыз су сапасын жақсарту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы» мәселеге орай Приозерск қаласы «ТҮҚҚБ» КМК директорының міндетін уақытша атқарушы Оспан Орынбайұлы Қаланбаев есепті баяндама жасады.

Негізінде бұл түйткілді мәселе бұдан бұрынғы мәжілістерде де қаралып, жиі сынға алынып, Кеңес мүшелері тарапынан сауалдар қойылып жүретін. Қаладағы ауыз су құбыры арқылы тұрғындар пәтерлеріне келіп жатқан судың талапқа сай болмауы себепті жұрт жеке кәсіпкерлер орнатқан су тазалайтын қондырғылардан литрін 10 теңгеден сатып алып ішетіні жиі айтылатын. Бұған байланысты О.Қаланбаев бүгінгі ауыз суды тазалап беруге тиісті аукымды қондырғының біздің қаладағы көп суының жиі лайлануына байланысты шыдас бере алмайтыны, оны тиісті мамандардың анықтағаны, ендігі жерде ауыз суды әуелі бір рет лайлануын тазалап, мөлдірлігін арттырып болған соң ғана тазалаудан өткізу қажеттігі, одан соң тұрғындарға таза су жеткізілетіндігін және бүгінде тұрғындардан ауыз су үшін ең төменгі тарифтік мөлшерде төлем алынып отырғандары жайында мәлімдеді. Баяндамашының мәліметіне қарағанда бүгінгі таңда аталған қондырғылар жөнеліп, тазаланып, ретке келтіріліп қойған. Енді негізгі су тазалаушы қондырғыларды іске қосу үшін шамамен 150 млн. теңге қаражат керектігі, оған бюджеттен қаржы бөлуге арнайы тапсырыс берілгендігі, әзірше бұл мәселенің қашан шешімін табары белгісіздігі түсіндірілді. Кеңес қатысушыларының кейбірінің пікірінше кәсіпкерлердің шағын қондырғылар арқылы тазалаудан өткізіп сатып жатқан суларының тұтынуға қаншалықты пайдалы немесе зиянды екендігіне күмәнмен қарайтындығын, оны да арнайы сараптамадан өткізу керектігін айтып өтті. Кәсіпорын басшысының міндетін атқарушы О.Қаланбаев қаладағы суарылытын жерлерді жабатын болса, тұрғындарға таза ауыз су беруге мүмкіндік барын арнайы мәлімдеді. Бұл мәселеге қатысты кеңес қатысушылары әртүрлі ой-пікірлерін білдіріп отырды. Ал, Приозерск қаласы қоғамдық денсаулықты сақтау бойынша басқарма басшысының міндетін атқарушы Нұргүл Сатыбалдықызы Жонкебаева қалаға беріліп жатқан ауыз судың



сапасы апта сайын сараптамадан өткізіліп тұратынын, судың бүгінгі таңдағы сапасының ішуге толық жарамдылығын, ол жайлы арнайы хаттама барын жеткізді.

Кеңестің келесі тыңдаған мәселесі «2017-2018- оқу жылына дайындық туралы» қалалық білім бөлімінің бас маманы Алма Аманқызы Медетбекова баяндама жасады. Оның есебін кеңес қатысушылары қанағаттанарлықпен қабылдады. Қоржын түбекте тұратын оқушыларды арнайы көлікпен тасымалдау мәселесіне қатысты сұраққа да құзырлы мекеме мамандары тарапынан тұшымды жауап алынды.

Қаладағы халық банкі арқылы жасалатын аударымдық іс-әрекет барысындағы қомақты комиссия ұстап қалуы жайлы өткен кеңестегі қойылған сауалға Приозерск қаласы «Халық банкі» АҚ басшысы Әйгерім Ерлікқызы Омарова тиісті және түсінікті жауап қайтарды. Алайда қала тұрғындарының зейнетақы, жәрдемақы, жалақы алу кезіндегі орын алатын толассыз кезек пен банкоматтың ақшасы таусылып қала беретіні, қаладағы жасы ұлғайған зейнеткерлер мен мүгедектердің осыдан зардап шегіп жататыны, сондықтан Қоржын түбекте тұратын басым бөлігі зейнеткерлерден құралған тұрғындар үшін сол жақтан арнайы банкомат орнату қажеттігі туралы сауалға кесімді жауап берілмеді. Ол жақтан банкомат орнату үшін арнайы күзеті бар сауда орны немесе сондай мүмкіндігі бар ғимарат болуы керектігін алға тартты. Дегенмен, бүгінде Халық банкі мен Казкомбанктің бірігуіне байланысты қала орталығындағы «Арай» және «Центральный» сауда орталықтарынан орын тепкен Казкомбанктің банкоматтарынан бүгінгі таңдағы Халық банкі алушылары қаражат алуына, салуына және аударым жасауына мүмкіндігі бары мәлім етілді.

Приозерск қаласы бойынша өзін-өзі басқару аумақтық Кеңесінің мәжілісі қаралған мәселелер бойынша арнайы қаулы қабылдады және аталған түйткілді мәселелердің шешімін табуына ықпал ететін құзырлы орындарға жеткізілетін болды.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

Ұрпаққа ұлағат

МЕККЕГЕ ҰШЫП БАРҒАН ӘУЛИЕ

Газетіміздің өткен сандарының бірінде ісі қазаққа танымал Пір Бекет әулие туралы мақала жариялап, ендігі ретте Құлақан әулие жайында баяндайтынмызды ескерткен едік. Олай болса құлақ түріңіз, құрметті оқырман!

Тауелібайдағы ұшантеңіз аумақты алып жатқан Қызылқұмның Кенімық ауданына қарасты Үштөбе жұмысшына қарайтын Бесқұдық ауылы осы маңдайдағы әулиелі жер аталады. Себебі бұл жерде атақты Құлақан әулиенің және олардың ұрпақтарының қорымдары бар. Түбінде Қызылорда жақтан сонау бір аумалы-төкпелі замандарда осы Қызылқұмды паналап келіп, қоныс етіп қалып қойған Құлақан баба білімділігімен, әулиелі қасиетімен ел-жұртқа таныс болған, ел-силаған жан болған. Бабамыз жайында аңыз әңгіме көп халық арасында. Солардың ішінен ел арасына кең тарағандарын, құлағамыз шалғандарын әңгімелейін.

Кеңес үкіметі дәуірлеп тұрған шақта қазақтан да талай адамдар құдайға, әруаққа қарсы шыққанын көрдік. Тіпті партияның жауапты қызметшілерінің ішінде қайнап жатқан құдайы тамақты теуіп құлатып, төгіп тастаған епәрбақандар да болған. Алайда құдай-әруаққа сенбейтін, орыс пен партияның жыртқысын жыртатындар нағыз мұсылманнан аз еді. Сонау алпысыншы жылдардың аяғына қарай сол кездегі совхоз орталығы Алдабергінде шопандар тойы болып, соған шалғайдағы Молдидан фермасынан оншақты

аттылы жолаушылар жолға шыққан ғой. Ол кезде автокөлік тапшы болғандықтан адамдар да, ферма манадары да атпен жүрген. Оның үстіне шопандар бәйге қосатын, көкпарға шаптыратын аттарын өз аяғымен апаруы керек. Сөйтіп тойға аттанғандар ертесіне кешке жақын әулиелі Бесқұдық маңына тақайды. Арасынан бір кісі: «Жігіттер, Құлақан баба мазарына жақындадық, әулиеге тәу етіп, бүгін басына түнеп шығалық. Иншалла, жолымыз болып, тойдан олжала оралармыз» - депті. Сонда араларындағы атеист, партияның қолшоқпары болған есерсоқ біреуі ұсыныс жасаған кісіге атой салады. «Құдай, әулие-әулие деген не өзі?! Әулие болса осында өліп жата ма?.. Былшылдайсындар да!.. Давай одан да сол жерге барып қоржындағы арағымызды ішп, басына тышып кетеміз...» - деп айғайға басқан ғой. Жындыға не десін, аттылы жолаушылар сапарын жалғастырған. Құлақан баба қорымына жетуге шамалы қалғанда әлгі әумесердің атынын сауырына бөктерген арақ салынған қоржын өзінен-өзі өртеңе бастайды. Үріккен аты тулап, оны лақтырып кетеді. Қалған адамдар атты қуып ұстап, өртті әрең өшіріпті. Өні құдай болып қорыққан әлгі адам тілі байланып, «Кешіріші Құлақан баба» - деген сөзді әрең айтыпты. Мына кереметке қайран болған, әрі баба әруағынан қорыққан жолаушылар сол жерде дәрет алып, құдайға, бабаға жалбарынып, білгендері құранын оқып, бабаның басына түнеп шығады...

БОЛЕЕ 100 ВОЛОНТЕРОВ НАГРАДИЛИ ЗА АКТИВНУЮ РАБОТУ

6 сентября лучших волонтеров ЭКСПО – 2017 чествовали на форуме волонтеров. Больше 100 активистов выставки наградили по следующему критерию: ТОП-5, «золотые волонтеры», тим – лидеры, самые активные, по системе улесов (системе баллов).

В ТОП – 5 лучших волонтеров вошли: Алия Дауренбекова, «Золотой волонтер» - Батима Кусайнова, иностранный волонтер из Италии - Матия Демарки, Диас Талгатулы. Им выпала честь получить сертификаты и памятные подарки от главы нацкомпании Ахметжана Есимова и министра образования и науки Ерлана Сагадиева. В своей речи Председатель Правления Национальной компании АО НК «Астана» ЭКСПО-2017 Ахметжан Есимов отметил, что все волонтеры достойно выполнили свою миссию.

«Волонтерская деятельность стала важным фактором успешного проведения Выставки и отдельным функциональным направлением работы Выставки. Всего в рамках ЭКСПО-2017 были отобраны и обучены 8,5 тысяч человек, из которых 5,5 тысяч получили возможность работы непосредственно на территории Выставки. Более 2500 волонтеров составил 19 лет, а самому старшему 70 лет – это так называемые «Золотые волонтеры», их всего 30 добровольцев. Во время работы на Выставке были созданы 3 семейные пары», - рассказал Ахметжан Есимов.

www.expo2017astana.com

теров из города Астана, 900 из города Алматы, 1600 из регионов страны. Также, свой вклад внесли 150 иностранных волонтеров, которые приехали из России, Китая, США, Бельгии, Италии, Польши, Монголии, Кыргызстана и других государств. При этом, средний возраст



волонтеров составил 19 лет, а самому старшему 70 лет – это так называемые «Золотые волонтеры», их всего 30 добровольцев. Во время работы на Выставке были созданы 3 семейные пары», - рассказал Ахметжан Есимов.

Өзім танитын бір кісінің әңгімесі: «Үштөбеге баруға мотоциклмен жолға шыққам. Асығыстау едім. Құлақан бабаның қорымына жақындағанда «Атаның басына бұрылып құран оқысам ба, оқымасам ба» - деген екідай оймен келе жаттым. Жақындағанда «Жүре берейін, жолдан қалам бекерге. Тағы бірде құран оқырмын, баба менің құраныма зәру деймісің» - деп ойлап, зұылдатып өте шықтым. Дәл қорым жанынан жүз метрдей өткенде мотоциклімнің моторы лаулап жана бастағаны. Төбе шашым тік тұрды. Жолдан шығып, көліктен түсе сала құлайкеммен өртті өшіруге ұмтылдым. «Құлақан баба, кешіре гөр, жалынамын...» - дей бердім әйтеуір. Амалдап өртті сөндіріп, атаның бейітіне қарай жүгірдім. Басына құран оқып, кешірім сұрадым. Көлігімнің сымдары жарамай қалыпты. Әрі қарай өткініші көлікпен кетіп, баратын жеріме көп кешігіп жетіп маскара бол-ғаным бар...». Үлкен жолдан жарты шақырымдай жердегі баба қорымына жолаушылар соқпай, тәу етпей кетпейді. Өте асығыс болса жол бойына тоқтап, немесе жақындағаннан бастап өтініп, құранын бағыштап өтеді. Неше түрлі аурулар зиярат етіп келіп, шипа тауып жатады. Ол кісінің ұрпағы Әби атамыз бен балалары да сол ауылда өсіп-өрбіді.

Құлақан баба намазын қаза қылмайтын, кісінің өтінішін жерде қалдырмайтын, мейірбан, қамқор, қайырымды кісі болыпты. Асқан білімді болған. Бірде осы ауылдан бір бай адам Меккеге қажылық жасауға аттанады. Жарты жылдай жол жүріп барған бай қажылықтың барлық талаптарын орындап, сапарға шығардан алдын мешітке жұма намаз-зына қатысыпты. Құжынаған адам. Намазда тұрған ол бір кезде алдыңғы жағына қараса, үш адамнан әрідегі сапта тұрған Құлақан бабаны көзі шалып қалады. «Бұл кісі қашан келген? Мен жолға шыққанда ауылда еді ғой... Бұнда қажылыққа келетінін неге айтпаған?.. Жолға бірге шығатын едік...» дегендей ойларға беріліп кетеді бай. Бірден деп сөйлеуге намаз үстінде болмайды... «Жұма намазы біткесін сөйлесермін» - деп намазын жалғапты. Намаз бітісімен алға ұмтылған ол сол мезетте Құлақан бабадан көз жазып, таппай қалады. Шыққасын сол жердегі барлық қонақ үйлерден шарқ ұрып іздеп, бір апта жүреді. Бірақ бабаны еш жерден таппайды. Көрдім-білдім деген де ешкім болмаған. Айран-асыр болған бай жолға шығып, аман-есен еліне жетеді. Өзіне амандасып, қабыл болсын айтуға

келген жұрттан ең бірінші сұрағаны: «Құлақан да қажылықтан қайтты ма?..» деген сауал болыпты. Жұрт аң-таң болып, «Ол кісі ауылда ғой, сіз не деп отырсыз?..» дейді олар жамырап. «Ау, мен оны Меккедегі мешітке жұма намазда көрдім. Ал-дымда қол созым жерде тұрды. Құлақан құрдасымды танымайды деймісіңдер?..» деп бай да болмайды. Сөйтіп гүжілдесіп жатқанда сырттан жөтіркініп дыбыстаған Құлақан атаның өзі «Ассалаумаәлейкумм!» деп есіктен ене беріпті. Амандық-саулықтан кейін бай өзінің мешітке оны көргенін, намаздан соң көз жазып қалып, іздегенін... баяндайды. Баба болса жай ғана: «Маған ұқсайтын біреу шығар...» деп қысқа қайығанымен, бай оған келіспей, «Сен менен бірдене жасырып отыр-сың, сені танымайтын мен ақымақ емеспін...» деп қатты өкпелеп, жатып алыпты. Ел-жұрт тарап, бай үйінде оңаша қалғанда баба досына келіп шындықты айтыпты. Өзінің әр жұма намазын



Алланың құдіретімен Меккеге ұшып барып оқитынын, бұл сырды басқалар білсе өзіне үрейлене қарайтынын айтып, досынан ешкімге айтпауын өтінеді. Арадан жылдар өтеді. Алайда отыз тістен шыққан сөз жайлап отыз рулы елге жайылады. Жұма күндері Құлақан бабаның намаз уақытында қырдан асып бір жаққа кетіп қалатынын байқап жүретін бай қанша андыса да, қалай ұшып кеткенін байқамай қалады екен. Қырдан асқан ізі болады да, өзі жоқ боп шығады. Досының керемет құдіретін мойындаған бай бабаны бұрынғыдан да сыйлап, құрметтейтін болыпты. Бұл әңгімені марқұм Рүтемұлы Шәмші атамнан есітіп едім. Ал, Құлақан әулие туралы аңыз-әңгіме ел арасында өте көп. Мен естігенімді ғана айттым.

Бұдан басқа да баба жайлы оқиғалардан білетіндер болса бізбен хабарласуын өтінеміз!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі



жоба

проект

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 16 НАУРЫЗДАҒЫ № 11/71 «2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА КВОТА БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІН ЖОЮ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Приозерск қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 11/71 «2017 жылға арналған жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4204 болып тіркелген, 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 15/503 «Приозерский вестник» газетінде, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде 2017 жылғы 19 сәуірде жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ ПОСТАНОВЛЕНИЯ АКИМАТА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ОТ 16 МАРТА 2017 ГОДА № 11/71 «ОБ УСТАНОВЛЕНИИ КВОТЫ РАБОЧИХ МЕСТ НА 2017 ГОД»

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города Приозерск ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утратившим силу постановление акимата города Приозерск от 16 марта 2017 года № 11/71 «Об установлении квоты рабочих мест на 2017 год» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 4204, опубликовано в газете «Приозерский вестник» от 14 апреля 2017 года № 15/503, Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде 19 апреля 2017 года).

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Казиеву Б.А.

3. Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города

К. Камзин

ИНФОРМАЦИЯ О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ КОМИССИИ ПО ДЕЛАМ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ И ЗАЩИТЕ ИХ ПРАВ ПРИ АКИМАТЕ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ЗА 1 ПОЛУГОДИЕ 2017 ГОДА

Во исполнение Закона Республики Казахстан «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждении детской безнадзорности и беспризорности» в городе Приозерске осуществляется свою работу Комиссия по делам несовершеннолетних и защите их прав при акимате города Приозерск (далее - Комиссия), информацию о работе которой за I полугодие 2017 года представляем к сведению жителей города.

За I полугодие было проведено 11 заседаний Комиссии в отношении 4 несовершеннолетних детей, а так же их родителей. В отношении родителей, которые не занимаются воспитанием детей и не создают благоприятные условия для их жизни, рассмотрено 3 материала.

Заслушано 14 отчетов руководителей заинтересованных государственных органов о проводимой работе по профилактике правонарушений, безнадзорности и беспризорности среди несовершеннолетних.

На внутришкольных учетах состоят 13 несовершеннолетних, на учете ГЮП МПС - 16 детей, из них: 9 детей из неблагополучных семей, 7 несовершеннолетних на списочном учете.

Членами Комиссии совместно с отделом образования, ГЮП МПС и Молодежным ресурсным центром ведется работа по предотвращению фактов совершения суицидов среди учащихся школ.

В школах города ведется просветительская работа по овладению родителями психолого-педагогическими знаниями в области семейного воспитания, создания здоровых и безопасных условий воспитания, труда и отдыха учащихся, сотрудничества между школой и родительской общественностью.

Разработан и утвержден План меропри-

ятий по профилактической работе психологов г.Приозерск по предотвращению суицида среди подростков и детей на 2016-2017 учебный год.

Так, в рамках реализации плана работы по профилактике суицида отделом образования, во всех общеобразовательных школах города были проведены родительские собрания.

Для оказания своевременной помощи по недопущению попыток суицида среди несовершеннолетних, в уполномоченных государственных органах города действуют телефон доверия, по которому можно сообщить о несовершеннолетних, оказавшихся в трудной жизненной ситуации, преступлениях (правонарушениях), совершенных как несовершеннолетними, так и в отношении них, а также любые сведения, затрагивающие интересы детей и несовершеннолетних.

С целью выявления беспризорных и безнадзорных детей, несовершеннолетних, не посещающих по неуважительным причинам общеобразовательные учебные заведения, детей из неблагополучных семей, а также фактов использования наилучших форм детского труда, на постоянной основе проводятся республиканские и региональные оперативно - профилактические мероприятия «Дети в ночном городе», «Улица без наркотиков», «Подросток», «Последний звонок» и другие.

С начала года ГЮП МПС ОВД г. Приозерск составлено 45 административных протокола (за 2016 год - 40 протоколов).

За I полугодие преступлений совершенных как несовершеннолетними, так и в отношении них не зарегистрированы.

Организация досуга детей и подростков является одним из важных направлений в деле профилактики правонарушений среди несовершеннолетних.

В настоящее время занимаются спортом 626 детей, 35% (437 в ЦДЮТ «Достык» и 189 в СШ).

В ЦДЮТ «Достык» функционирует 10 секций (количество занимающихся 626 чел. Из них 21 детей из малообеспеченных семей). В общеобразовательных школах города функционирует 6 секций количество занимающихся 189 чел. (СШ № 1 - 68, ОСШ № 2 - 121), а также идет работа по привлечению детей к систематическим занятиям спортом в спортивных секциях школ города.

За I полугодие приняли участие в 3 выездных соревнованиях 11 детей спортсменами.

Сборная команда города участвовала в республиканских и областных соревнованиях: город Караганда Чемпионат Карагандинской области по боксу среди юниоров, город Алматы кубок Республики Казахстан «Kazakhstan open» Тазквон-до ITF и Чемпионат Карагандинской области по боксу среди юношей.

Проводится работа по организации отдыха, оздоровления и занятости детей и подростков в летний период. Дети посещают кружки и секции ЦДЮТ «Достык». 55 детей из малообеспеченных и многодетных семей и детей, оставшихся без попечения родителей, были направлены в лагерь «Болашак» Сайранского района, Южно-Казахстанской области, 58 детей были направлены в лагерь «Факел» Актогайского района. Кроме того, несовершеннолетние дети обеспечены бесплатным досугом и отдыхом в пришкольных лагерях и в лагере при ЦДЮТ «Достык» г.Приозерск.

В рамках реализации государственной молодежной политики «Жасыл ел» в текущем году за летний период трудоустроено 45 человек в рамках данного проекта в возрасте от 16 до 29 лет.

За первое полугодие в Центр занятости населения обратилось 135 человек из числа молодежи (до 18 лет - 4). Трудоустроено - 83 (до 18 лет - 0). На общественные работы направлено - 60 человек (до 18 лет - 4), на социальные рабочие места - 19 (до 18 лет - 0), на молодежную практику - 3 (до 18 лет - 0).

В школах города детям из многодетных и малообеспеченных семей, детям-сиротам бесплатно выдается сезонная одежда, школьная форма, учебники, дети обеспечены бесплатным горячим питанием.

На особом контроле Комиссии находится вопрос опасных игр в социальных сетях (инстаграмм, контакте) с начала года Комиссией проведено 3 рабочих совещания на вышеуказанную тему. В ходе которых членами Комиссии и заинтересованными органами, проведена определенная работа, а именно:

-проведен мониторинг социальных сетей;

-разработан план профилактических мероприятий;

-проведены профилактические и разъяснительные беседы с учениками;

-проведены родительские собрания;

-проведены психологами общеобразовательных учреждений беседы, тренинги, тестирование с детьми и подростками;

- проведена разъяснительная работа с водителями таксопарков «Арлан», «Тулпар», «Буран», «Балхаш» и «777».

В целях обеспечения безопасности детей в учреждениях образования города установлены камеры видеонаблюдения, ежемесячно членами комиссии проводятся рейды возле школ города. В ходе проведенных рейдов фактов нарушений правил дорожного движения возле организаций образования не выявлено.

Государственно-правовой отдел
аппарата акима г.Приозерск

Абайлаңыз, жат ағымдар!

ДИНИ ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНЕН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Бүгінгі таңда Қазақстан аумағына діни радикализм мен экстремизмнің енуі мен тарауы ең күрделі проблемаға айналып, өзекті мәселе болып қалуда.

Діни экстремизм мен терроризм әрбір мемлекеттің ұлттық қорғалу мүддесі деңгейінің тәуелділігін арттырып, әлемдік мәңдегі проблемаға айналды.

Экстремизм (латынша extremus –барып тұрған ең дарақы) әдетте, саясатта барып тұрған ең дарақы көзқарастар мен шараларды ұстанатын категория, яғни, басқа

этносты, әлеуметтік қабатты немесе топты, жекелеген саясаткерлерді, діни топты немесе қауымдастықты немесе мемлекетті негіздеуге және оны жүзеге асыруға құрылған саясат. Жалпы алғанда ол ең дарақы көзқарастарды ұстанатын, сондықтан қоғамдағы тәртіп нормаларына аса қатерлі саясат деп сипатталады.

Өкінішке орай, терроризм мен экстремизм біздің мемлекетті де айналып өтпеді. Мысалы, Қазақстан аумағында да террорлық актілер болып, жаңалықтардан біздер

кезекті экстремистік діни топтың ашылғанын және қызметінің тоқтатылғанын жиі еститін болдық.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан 2050 стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деп аталатын Жолдауында ең маңызды міндеттердің бірі ретінде радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен байқалуына қарсы іс-әрекеттер қолдану қажеттілігі айтылды.

Діни-саяси экстремизммен қоғам да, мемлекет те күресуі керек. Әрине, бұл күрестің әдістері оларда әртүрлі. Егер мемлекет экстремизмнің туындауына жағдай жасайтын әлеуметтік-экономикалық жағдайларды жойып, экстремистердің заңға қайшы әрекеттеріне тосқауыл қойса, қоғам



экстремистік идеялар мен үндеулерге саяси және ұлттық діни толеранттылықты және азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді қолдауы қажет.

А.Ким,
«Приозерск қаласының әкiмiмен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
басшысы



РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПАССАЖИРСКИХ ПОЕЗДОВ ПО СТ.САРЫШАГАН



№ п/п	Сообщение	Приб.	Ст.	Отпр.	Дни следован
3	Алматы-2-Астана	15.33	10	15.43	ежедневно
4	Астана-Алматы-2	16.13	10	16.23	ежедневно
9	Алматы-2-Астана	06.28	15	06.43	ежедневно
10	Астана-Алматы-2	08.52	15	09.07	ежедневно
15	Алматы-2-Петропавловск	03.51	15	04.06	четным
16	Петропавловск-Алматы-2	20.50	20	21.10	нечетным
43	Алматы-1-Костанай	05.49	15	06.04	ежедневно
44	Костанай-Алматы-1	22.52	15	23.07	ежедневно
55	Кокшетау-Кызылорда	09.58	20	10.18	ежедневно
56	Кызылорда-Кокшетау	20.00	17	20.17	ежедневно
75	Кызылорда-Астана	21.41	15	21.56	нечетный
76	Астана-Кызылорда	12.22	18	12.40	нечетный
85	Астана-Сарыағаш	17.39	15	17.54	ежедневно
86	Сарыағаш-Астана	08.02	20	08.22	ежедневно
207	Астана Нурлы Жол - Шымкент	20.13	15	20.28	четным
208	Шымкент - Астана Нурлы Жол	16.53	10	17.03	четным
231	Алматы - Астана	23.17	15	23.32	ежедневно
232	Астана - Алматы	23.14	16	23.30	ежедневно
236	Астана - Шымкент	19.52	15	20.07	четным
235	Шымкент - Астана	22.04	15	22.19	нечетным
239	Астана - Джамбул	23.49	17	00.06	четным
240	Джамбул - Астана	19.15	15	19.30	четным
241	Алматы - Астана	22.04	15	22.19	четным
242	Астана - Алматы	19.52	15	20.07	нечетным
303	Алматы-2-Свердловск	04.52	15	05.07	вторник
304	Свердловск-Алматы-2	08.02	15	08.17	пятница
305	Свердловск-Бишкек	08.02	15	08.17	понедельник
306	Бишкек-Свердловск	04.52	15	05.07	пятница
315	Ташкент-Свердловск	04.52	15	05.07	среда
316	Свердловск-Ташкент	08.02	15	08.17	воскресенье
373	Алматы-2-Жезказган	13.17	20	13.37	пн.чт.
374	Жезказган-Алматы-2	01.55	15	02.10	ср.сб.
451	Астана Нурлы Жол - Самарканд	05.03	15	05.18	воскресеньям
452	Самарканд - Астана Нурлы Жол	06.52	23	07.15	субботам
701	Алтынколь - Астана Нурлы Жол	01.34	10	01.44	ежедневно
702	Нурлы Жол Астана - Алтынколь	01.22	10	01.32	ежедневно
706	Алматы-2-Петропавловск	23.55	10	00.05	ежедневно
707	Петропавловск-Алматы-2	03.27	10	03.37	ежедневно
707	Шымкент - Астана Нурлы Жол	01.53	10	02.03	четным
708	Нурлы Жол Астана - Шымкент	06.25	10	06.35	нечетным

источник: <http://www.railways.kz/ru>
по состоянию на 08.09.2017г.

ӨЗІНДІ ЖРВИ МЕН ТҰМАУДАН ҚОРҒА

ЖРВИ мен тұмау – бұл вирустардан туындайтын, тыныс алу жолдарының ең көп таралған аурулары. Олар ауа-тасымалары арқылы науқас адамнан жұқтырылады.

Суық тиген кездегі негізгі белгілер: мұрынның бітелуі, тамақтың қышуы, дауыстың қырылдауы, жөтел, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, бұлшық еттердің ауыруы және т.б. ЖРВИ мен тұмау балаларды құстыруы, ішін өткізуі (тышқақтау), тыныс алуын қиындатуы мүмкін

Суық тиген кезде көрсетілетін бастапқы көмек:

ЖРВИ мен тұмаудың бастапқы белгілері біліне бастаған кезде күндіз болса учаскелік (педиатр мен терапевт) дәрігерді және түнде жедел жәрдемді үйге дереу шақыру

Үйде қалып, төсекте жату керек.

ЖРВИ мен тұмаудың таралуына жол бермеу:

Күн сайын бөлменің ішін ылғалдап сүрткіп алу және жиі желдету керек (күніне 3 реттен кем емес);

Жеке тазалық тәртібін сақтау, қолды жиі жуу;

Әсіресе үйден сыртқа шағыр алдында, мұрынның айналасына оксолин майын жағу;

ЖРВИ мен тұмаудың таралу кезеңінде адамдар көп жиналатын орындарға бармаған дұрыс;

Қатты тоңбау керек, ауа райына орай киіну керек;

Біреттік медициналық бетперделерді пайдалану керек. ЖРВИ мен тұмаудың таралу кезеңінде (күзгі-қысқы мерзімде) үйден шығарда және үйде ЖРВИ -мен және тұмаумен ауырған отбасы мүшелері болған кезде міндетті түрде бетперде кию керек.

Дер кезінде тұмауға қарсы вакцина ескізу керек дәрігердің кеңесіне сәйкес!

Жүкті әйелдер мен балалардың ЖРВИ мен тұмаумен сырқаттануына жол бермеу жұмыстарына баса назар



аудару керек!

Жүктілік кезінде иммунитеттің әлсіреуінің және ЖРВИ мен тұмаудың асқынуынан қиын дертке душар болу мүмкін екендігін есте сақтаңыз (бронхит, пневмония, түсік тастау, асқынушылықпен мезгіліне жетпей босану)

Дер кезінде дәрігерге тексеріліп, емделмесе ЖРВИ мен тұмау асқынуынан адам өліп кетуі мүмкін!

ЖРВИ мен тұмау кезінде бастапқы көмек көрсету үшін үйде дәрілік қобдиша жабдықтау (термометр, бетперделер, аскорбин қышқылы, арбидол, ингавирин, анаферон, лавамакс, интерферон, оксолин майы, мұрынға тамызатын тұзды ерітінділер (тамшы дәрілер, спрей)!

Құрметті қала тұрғындары! Приозерск қалалық орталық ауруханана қыркүйек - қазан айларында гриппе қарсы екпе жүргізіледі. Дер мезгілде грипптің асқынуларынан өзіңізді қамтамасыз етіңіз!

Екпе туралы толық ақпарат емханадан 5-25-89; 8-702-92-48-48-0 телефон арқылы білуге болады.

Өздігіңізден емделмеңіз, ол Сіздің денсаулығыңыз үшін қауіпті.

Өзіңізді күтіңіз және сау болыңыз!

А.К.Кутжанова,

«Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК
дәрігер эпидемиологы

Вниманию населения города

ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ ПРАВ НА ПРОИЗВЕДЕНИЯ, ОХРАНЯЕМЫЕ АВТОРСКИМ ПРАВОМ

Управление юстиции г.Приозерск доводит до вашего сведения о том, что Министерство юстиции Республики Казахстан в соответствии со статьей 21 Закона Республики Казахстан «Об органах юстиции», статьей 9 Закона Республики Казахстан «Об авторском праве и смежных правах» и п.п. 85 п.16 Положения о Министерстве юстиции, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 октября 2004 года № 1120, оказывает государственную услугу «Государственная регистрация прав на произведения, охраняемые авторским правом».

В соответствии с Законом, стандартом оказания вышеуказанной услуги (утвержден приказом Минис-

тра юстиции № 250 от 30 апреля 2015 года) срок оказания государственной услуги составляет 20 (двадцать) рабочих дней.

С информацией о перечне необходимых документов, формой заявления и реквизитами для оплаты сбора услугополучателя можете ознакомиться на сайте Министерства www.adilet.gov.kz (баннер «Регистрация прав на произведения» на главной странице сайта Министерства), консультации по телефону 8-7172-74-06-18.

Управление юстиции города
Приозерск

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,
ул. Сатпаева 15. Заказ № 36/524. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,
формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы
обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный
адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.